

«Жобаларға мониторинг және бағалау» тренингі

Бұл тренинг «Береке» қоғамдық бірлестігінің «Түркістан облысында «жалғыз терезе» қағидаты бойынша үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетуге арналған азаматтық орталықты ұйымдастыру мен дамыту» жобасы шеңберінде, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік гранты аясында Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылуда

Материалдар: LCD, флипчарттар, маркерлер

Тренинг мақсаты: Аудандық АРО және ҰЕҰ қызметкерлерінің жобаларын мониторинг және бағалау жүргізу бойынша білімдерін арттыру және дағдыларын жетілдіру

0.5 сағ.	<p><u>Танысу</u></p> <p>1 қадам: Қатысушылар 2 топқа бөлінеді: А тобы және В тобы</p> <p>2 қадам: А4 формат қағазын 4 бөлікке бөліп, әр қатысушыға үлестіру. Қағазға әр қатысушы: аты-жөнін, ұйымын, МжБ процессіне қатысу/жүргізу тәжірибесі туралы жазуды сұраңыз.</p> <p>3 қадам: Жазуды аяқтағаннан кейін бір-біріне қарама-қарсы 2 сызыққа тұруды сұраңыз.</p> <p>4 қадам: Бір-біріне қарама-қарсы тұрған әртүрлі топтардан қатысушыларға карточкалармен алмасуды және бір-бірімен танысуды сұраңыз.</p> <p>5 қадам: Танысу аяқталғаннан кейін әр жұптан досын бүкіл топқа таныстыруын сұраңыз.</p> <p><u>Жұмыс жасау үшін топтар құру</u></p> <p>6 қадам: Қатысушылардан туған күндеріне сәйкес қаңтар айынан бастап бір қатарға тұруды сұраңыз. Олардан 1-ден 5-ке дейін санап шығуды сұраңыз. Содан кейін олардың санына қарай топ құруды сұраңыз. Барлығы 5 топ болады. Өз тобыңыздың атын ойлап табуды ұсыныңыз.</p> <p><u>Күтілігін нәтиже</u></p> <p>7 қадам: Қатысушыларға осы тренингтің тақырыбы жобалар мен бағдарламалардың МжБ екенін айтыңыз. Олардан топтарында өз үміттерін флипчарттарға жазуларын сұраңыз. (5-10 мин.)</p> <p>8 қадам: Барлық топтар жазуды аяқтағаннан кейін, барлық флипчарттарды қабырғаға іліп қойыңыз және топтардан олардың үміттерін салыстыруды сұраңыз. Егер үміттер қайталанса, модератор топ нөмірін қасына жақшаға жазады.</p> <p>9 қадам: Содан кейін оларға тренингтің мақсаты мен міндеттері туралы айтыңыз. Егер олардың тренингтен күткен нәтижелері орындалмаса, себебін түсіндіріңіз. Тренинг нәтижелі болуы үшін жалпы жұмыс ережелерін орнату керек. Оларды флипчартқа жазып, айқын жерге іліп қойыңыз.</p> <p><i>Қатысушылар бастапқы сауалнаманы толтырады</i></p>
----------	--

	<p>10 қадам: Тренинг бағдарламасын түсіндіру.</p>
<p>1.5 сағ.</p>	<p>Қайталау: Жобаны/бағдарламаны басқарудың негізгі кезеңдері</p> <p>(Осы сессияда біз жобаны басқарудың негізгі кезеңдері туралы еске түсіреміз және МжБ-да қолданылатын негізгі терминологиямен танысамыз.)</p> <p>Материалдар: LCD, флипчарттар, маркерлер, үлестірме материал</p> <p>1 қадам: Тренер - Жобаның негізгі кезеңдерін еске түсірейік.</p> <p>Миға шабуыл.</p> <p>Содан кейін экранда слайд 1 көрсетіледі - жобаны менеджменті. Талқылау.</p> <p>Тренер - Жобаны іске асыру кезінде мониторинг жүргізу қажет, ал жобаның соңында бағалау әдетте жүргізіледі.</p> <p>2 қадам: "Логикалық көпір" ойыны слайд 2</p> <p>(материалдар: 5 дана стақан, 100 дана түтікше, 5 дана қайшы, 5 дана жабысқақ лента, 10 м. жіңішке арқан)</p> <p>Себеп-салдар байланысы</p> <p>Жаңа ұғымдарды енгізумен себеп-салдар байланысты түсіндіруге көшу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • салым (inputs) – слайд 3 • қызмет (activities) – слайд 4 • аралық нәтижелер (output) – слайд 5 • соңғы нәтиже (outcome) – слайд 6 • ұзақ мерзімді нәтиже/ықпал ету (impact) – слайд 7 <p>Слайд 8 – Жобаның иерархиясы.</p> <p>Слайд 9 – Себеп-салдар байланысының схемасын талқылау.</p> <p>Жетіспейтін сөздерді толтыру жаттығуын орындау.</p> <p>3 қадам: Топтық жұмыс.</p> <p>Әр топқа тапсырма таратыңыз: әр қатысушының ұйымы жақында жүзеге асырған жобаларды талқылаңыз. Содан кейін ең қолайлы жобаны таңдап, жобаның мақсаты мен міндеттерін көрсете отырып, себеп-салдар байланысты (осы жобаның логикасы) көрсетіңіз.</p> <p>Топтардың презентациясы. Талқылау</p>
<p>1.5 сағ.</p>	<p>«Мониторинг» және «бағалау» ұғымдары</p> <p>Ұқсастықтар мен айырмашылықтар</p> <p>Жобаның кезеңдеріне байланысты бағалау түрлері</p> <p>Мониторинг және бағалау түрлері</p> <p>1 қадам: Пікірталас (Дискуссия)</p>

Қатысушыларға сұрақтар:

- Мониторинг дегеніміз не?
- Мониторинг не үшін жүргізіледі?
- Мониторинг қай кезде жүргізіледі?

Қатысушылардың жауаптарын флипчартқа жазып алыңыз.

Мониторинг - слайд 10.

Мониторинг – бұл істің қазіргі жағдайын жоспармен салыстыру үшін жоба/бағдарламаның орындалу барысын бақылау үшін ақпаратты жинау мен талдаудың тұрақты процесі. Мониторинг үздіксіз жүзеге асырылады, сондай-ақ, мониторинг нәтижелері бойынша қолданыстағы бағдарлама немесе жоба моделіне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мониторинг барысында жоспарланған іс-шаралар мен нәтижелерді нақты мәліметтермен салыстырады. Мониторингтің соңғы мақсаты – алынған ақпаратты жоба немесе бағдарлама қызметінің нәтижелерін жақсарту үшін пайдалану.

Слайд 11 Мониторинг құрылымы

Мониторинг, ақпаратты жүйелі түрде жинау ретінде белгіленген жоспардағы ауытқуларды уақытында анықтауға және дер кезінде әрекет етуге, сондай-ақ, жобаны бағалау кезінде пайдалануға болатын деректерді алуға көмектеседі.

Мониторинг процесінде жағдайды терең талдау жүргізілмейді. Ең бастысы – істің жағдай туралы оперативті ақпарат алу және жағдайды тез арада түзету, өзгертулер немесе толықтырулар енгізу, қажет болса, қандай да бір нәрседен бас тарту. Мониторинг жүйесін жобаға ең басында кіргізген дұрыс

Ол үшін төмендегілерді орындау керек:

- Жобаның барысын қадағалайтын өлшенетін көрсеткіштерді анықтау (оны тағы индикаторлар деп атауға болады). Мысалы, ол жоба бойынша жоспарланған өткізу керек семинарлар немесе консультациялар саны немесе жоба шеңберінде шығарылуы тиіс бюллетень саны.

- Ақпарат алу көзін анықтау. Ол құжаттар, жекелеген тұлғалар немесе топ адамдар, серіктес ұйымдар, сіздің ұйымыңыздың бөлімшесі және т.б. болуы мүмкін. Мысалы, ақпаратты іс-шараға жауапты қызметкерлерден, семинар жүргізушілерінен, серіктес ұйымның жазбаша есептерінен алуға болады.

- Ақпарат жинау әдістемесін және мезгілділігін анықтау.

Іс-шараға дайындалуды алатын болсақ, әдіс ретінде оны дайындайтын командадан сауал алуды пайдалануға болады, мезгілділік – күн сайын (іс-шараға дайындықтың жалпы уақытына тәуелді). Жоба барысында ақпарат жинау үшін серіктес ұйымның ай сайын беретін есебін пайдалануға болады. Команда мүшелерінің кездесулері де ақпарат жинау тәсілі бола алады. Келешекте, мысалы, біз аптасына бір рет кездесеміз (немесе солай етуге тырысамыз). Бұл кездесуде жоба бойынша қандай қызмет атқарылды және не істеу керектігі талқыланады. Бағдар ретінде алдын ала жасалынған жоспар (оперативті), сондай-ақ, жобаның жұмыс жоспары пайдаланылады. Ереже бойынша бұл кездесуге

менеджер қатысады. Мұндай кездесулерде жобаға қатысушылар қандай жұмыстар орындалды, не орындалмады және мұндай жағдайдың орын алу себебі айтылады.

- Мониторинг жүргізу кезінде ақпарат жинау үшін жауапты адамды тағайындау және ақпаратты беретін адамдармен келісу маңызды. Мониторинг деректерін кім және қалай пайдаланатынын, сондай-ақ, олар қалай өңделетіндігін жоспарлау керек. Жоғарыда айтылғандай, әдетте мұнымен ақпарат жинауға және оны жиналыста ұсынуға жауапты менеджер немесе үйлестіруші айналысады.

Мониторинг аймақтарда жүргізілетін кезде міндетті түрде кейбір шығындарды қарастыруы керек. Мысалы: телефон, факс, іс-сапар шығындары.

Мониторинг қашан жүргізіледі?

Жобаны іске асыру кестесіне сәйкес мысалы, ай сайын, екі айда, тоқсан сайын

2 қадам: Пікірталас (Дискуссия)

Қатысушыларға сұрақтар:

- Бағалау дегеніміз не?
- Бағалау не үшін жүргізіледі?
- Бағалау қай кезде жүргізіледі?
- Бағалауды кім жүргізеді?

Қатысушылардың жауаптарын флипчартқа жазып алыңыз.

Слайд 13. Бағалау

Бағалау дегеніміз не?

Бағалау – бұл жоба немесе бағдарламаның нәтижесін немесе ықпалын (әсерін) талдау. Мақсаты – бағдарлама қызметін оңтайландыру (оптимизировать); жүзеге асырылғанның жоспармен сәйкестігін тексеру; жобаның жоспарланған нәтижеге жету/жетпеу себептерін талдау. Бағалау бойынша мәліметтер бағдарламаның орындалуын зерделеуге, проблемаларды анықтауға және болашаққа жоспар құруға мүмкіндік береді. Бағалау барысында басқа ақпараттар секілді мониторинг деректері де қолданылады.

Үлестірме материал: Бағалау не үшін жүргізіледі?

Бағалау жобаның толығымен тиімділігін, қойылған мақсатқа жеткендігін, жобаға ненің позитивті немесе кері әсері болғандығын, ал мүмкін жоба шеңберінде өткізілген кейбір іс-шараның жоба нәтижелеріне мүлдем ешқандай әсері болмағандығын анықтау үшін жүргізіледі. Бұл әдетте «Не үшін болмады?» деген сұраққа жауап алу үшін қажет. Бағалаудың қорытындысы бойынша тұжырымдама жасалынып, жоба/бағдарлама жұмысын жақсарту және ұйымның келешектегі стратегиясын анықтау үшін ұсыныстар (есеп формасында) дайындалады. Бағалау терең талдау жасағанның нәтижесінде жеке-жеке фактілерден бүтін көрініс алуға көмектеседі.

Бағалау қай кезде жүргізіледі?

Жобаның қай кезеңде екендігіне байланысты бағалаудың бірнеше түрін айтуға болады,

бірақ олардың барлығы үшін нақты қатысушылар үшін маңызды үш сұрақ бар:

- «Біз істеу керектіні істеп жүрміз бе?» – жауап бағдарлама жетекшілеріне жоба бойынша жоспарланғанның барлығы жүзеге асырылып жатқандығын тексеру үшін қажет (өзін-өзі бақылау).
- «Біздің іс-әрекеттеріміз өзгерістерге алып келеді ме?» – жауап барлық мүдделі тараптар үшін қажет, бірақ ақшаның тиімді жұмсалыуына көз жеткізу үшін әсіресе донорлардың сұранысына ие болады (әлеуметтік ықпал).
- «Біз дұрыс әрекет етудеміз бе?» – жауап ұйымдардың басшыларына біздің қызметіміздің өзектілігі мен стратегиялық дұрыс бағытта жүретініміз туралы ақпарат береді (стратегиялық сәйкестік).

Мониторинг және аралық бағалау. Жобаны жүзеге асыру барысында үздіксіз жасалынатын мониторингтен басқа аралық бағалау жүргізуге де болады. Бағалау барысында тәртіп бойынша аралық қорытынды жасалынады және қадамдар қаншалықты дұрыс жасалынғандығы және жобаның сәтті аяқталуына әкелетіндігі анықталады. Мұндай бағалаудың нәтижелері стратегияны түзетуге және жобаның келесі кезеңінде сол немесе басқа әрекетті таңдауға көмектеседі.

Соңғы бағалау жобаның аяқталу кезеңінде жүргізіледі. Ол жобаның орындалуын қорытындылау үшін пайдаланылады. Соңғы бағалау нәтижесі жоба бойынша мазмұнды есептің негізін құрайды.

Жобаның әсерін (ықпалын) бағалау әдетте жоба аяқталғаннан кейін біраз уақыт өткеннен кейін жүргізіледі. Мұндай бағалау жоба нәтижесінің тұрақтылығын, жоба қызметі мәселеге қалай әсер еткендігін, мақсатты топтың әл-ауқатында өзгерістер болды ма, соны тексереді.

Одан басқа, жобаның әсерін (ықпалын) бағалау жоба нәтижесінің ұзақтығын тексереді және жоба қызметі мәселеге қалай әсер еткендігін көрсетеді. Жобаның әсерін (ықпалын) бағалау бағдарламаның тиімділігін арттыруға көмектеседі, себебі, ол келесі сұрақтарды қарастырады:

1. Жоба жоспарлаған мақсатқа жетті ме?
2. Мақсатты топта болған өзгерістер жобаның арқасында болғанын көрсетеді ме, әлде олар басқа көлденең факторлардың арқасында болды ма?
3. Әртүрлі аймақтағы және әртүрлі уақыт аралығында, әртүрлі мақсатты топ (ерлер, әйелдер, тұрғылықты халық және т.б.) үшін жоба әсерінің айырмашылығы бар ма?
4. Жобада позитивті немесе кері әсерін тигізген қандайда бір жанама әсер болды ма?
5. Жоба осы мақсатқа жетуге бағытталған басқа жобалармен салыстырғанда қаншалықты тиімді болды?
6. Жұмсалған ресурстар тұрғысынан қарағанда жоба тиімді ме?

Жобаның әсерін (ықпалын) бағалаудың негізгі сұрағы: «Егер бағаланып жатқан жоба жүзеге асырылмағанда, қазір жағдай қандай болар еді?»

Бағалауды кім жүргізеді?

Бағалауды кім жүргізетіне байланысты ішкі және сыртқы бағалау туралы айтуға болады.

- Ішкі бағалау ұйымда жұмыс істейтін адамдармен жүргізіледі. Ішкі бағалауды жоба менеджері немесе тағайындалған жоба штаты жүргізе алады.
- Сыртқы немесе тәуелсіз бағалау шеттен шақырылған маманмен жүргізіледі. Донорлар немесе консультанттар сыртқы бағалауды жүргізе алады. Алайда, мүдделер жанжалы болмау үшін ол тек қана ұйымда жұмыс істемейтін адам емес, ұйыммен ешқандай байланысы болмауы керек.

Тренер қорытынды жасайды:

МжБ – бұл жоба іске қосылған сәттен бастап үздіксіз процесс болып табылатын жобаның ажырамас бөлігі. Мониторинг пен бағалау сиқырлы таяқша емес екенін, оның толқынымен сіз проблемаларды жоюға немесе өздігінен шешілуге немесе ұйым мен оның қызметкерлерінің көп уақытын, күш-жігерін жұмсамастан жағдайды керемет түрде өзгертуге болмайтынын түсіну керек. Өз бетінше МжБ шешім емес, бірақ олар тиімді басқарудың құнды құралдары болып табылады.

Ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Жобаның кезеңдеріне байланысты бағалау түрлері

Мониторинг және бағалау түрлері

3 қадам: Ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Мониторинг пен бағалаудың негізгі айырмашылықтары

Слайд 15

Мониторинг:

Біз не істеп жатырмы

Бағалау:

Біз неге жеттік? Біз қандай ықпал жасадық?

Слайд 16

Мониторинг	Бағалау
<p>Мына сұрақтарға жауап береді «Қанша? Қашан? Қайда? Және Не?»</p> <ul style="list-style-type: none">- Жобаның/бағдарламаның жүзеге асырылу процесін (жоба/бағдарлама қаншалықты жақсы орындалуда) сипаттайды.- Жобаны/бағдарламаны жүзеге асыру процесінде жүйелі рәсім болып табылады- Жобаның/бағдарламаның жүзеге асырылуы – мониторингтің негізі- Мониторинг бағалау деректерінсіз жүргізуге болады- Мониторинг нәтижелері жобаның/бағдарламаның жүзеге асырылуын жақсарту үшін пайдаланылады	<p>Мына сұраққа жауап береді «Не үшін?»</p> <ul style="list-style-type: none">- Жобаның/бағдарламаның жүзеге асырылу процесін (жоба/бағдарлама тиімді ме) сипаттайды.- Жобаның/бағдарламаның ең маңызды кезеңінде жүргізілетін, мерзімі шектеулі бір жолғы рәсім болып табылады- Мониторинг материалдары – бағалаудың негізі- Бағалауды мониторинг деректерінсіз жүргізу қиын- Бағалау нәтижелері жоба/бағдарлама жұмысын жақсарту және ұйымның келешектегі стратегиясын анықтау үшін пайдаланылады

	<p>Техникалық тұрғыдан алғанда, мониторинг пен бағалаудың негізгі айырмашылықтары мыналар:</p> <p>– мониторинг – тұрақты жүйе, ал бағалау кезең-кезеңімен жүзеге асырылады;</p> <p>– мониторинг жүйесі тек индикатор мәндерін өлшеуге негізделген, бағалау мониторинг деректерін ескере отырып жүргізіледі (индикатор мәндері), бірақ олармен шектелмейді.</p> <p>Сондықтан мониторинг және бағалау жүйесі бірін-бірі толықтырады, бірақ бір-бірін алмастыра алмайды.</p>
<p>1 сағ.</p>	<p>Индикаторларды дайындау</p> <p>Сессия «Индикатор дегеніміз не?» деген сұрақтан басталады.</p> <p>Талқылаудан кейін слайд 19 көрсетеміз: Индикаторлар.</p> <p>Индикатор дегеніміз не?</p> <p>Слайд 19. Индикатор – бұл:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Факт (дерек) • Сандар • Сезу немесе қабылдау • Пікірлер/бағалау. <p>Ол жағдайдың өзгергендігін өлшейтін және қызмет нәтижесінде прогрестің барын/жоқтығын растауға көмектеседі.</p> <p>Слайд 20. Индикатор дегеніміз не?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мониторинг және бағалауды жоспарлау құралы • Индикаторларды пайдалану субъективті пайымдауға қарағанда, өзгерістің барын/жоқтығын дәлелдеуге мүмкіндік береді • Индикаторлар көрсетеді: салым (шығын), процесс (қызмет), аралық, соңғы және ұзақ мерзімді нәтижелер • Индикаторлар сандық және сапалық болуы мүмкін <p>Слайд 21. <u>Сандық және сапалық индикаторлар</u></p> <ul style="list-style-type: none"> • Сандық индикаторлар – өзгерісті санмен өлшейді. Мысалы, тігін машинкасы бар ауыл адамдарының саны. • Сапалық индикаторлар – адамдардың түсінуін өлшейді. Мысалы, қаржылай тәуелсіздіктің құралы ретінде адамдарда сол тігін машинкасының болуы ертеңгі күнге сенімділік береді. <p>Үлестірме материал</p> <p>Біқпал ету индикаторы/ұзақ мерзімді нәтиже</p> <p>Жоба/бағдарлама нәтижесінің ұзақ мерзімді әсерінің санын және сапасын өлшейді (мысалы, өлшенетін өзгерістер: өмір сапасы, ауру-сырқаулықтың азаюы, әйелдер табысының артуы, өлім-жітімнің қысқаруы. Немесе, жоба шеңберінде «Жобаны</p>

дайындау және басқару», «Өтінім жазу» тренингтері өткізіліп және қажетті консультациялар берілгеннен кейін – ҮЕҰ-дарда қаржы тұрақтылығы артты).

Соңғы нәтижелер индикаторлары

Жоба/бағдарлама нәтижелерінің соңғы әсерін өлшейді. Көбіне бағдарлама нәтижесі бойынша болатын адамдардың жүріс-тұрысының өзгеруімен сәйкес келеді. Мысалы: жоба шеңберінде «Жобаны дайындау және басқару», «Өтінім жазу» тренингтері өткізіліп және қажетті консультациялар берілгеннен кейін, ҮЕҰ-дар сапалы жоба жаза бастады және донорларға өтінімдер тапсырды. Соның нәтижесінде жобаны жүзеге асыру үшін гранттар ұтып ала бастады.

Аралық нәтижелер индикаторлары

Жоба немесе бағдарлама қызметінің нәтижесінде тауар және қызмет – өнімнің уақтылы алынуын және сапасын, санын өлшейді. Мысалы: жоба шеңберінде өткізілген «Жобаны дайындау және басқару», «Өтінім жазу» тренингтер және берілген консультациялар нәтижесінде адам жобаны дайындау, оны басқару және өтінім жазу бойынша білімдерін арттырды және дағдыларын дамытты.

Қызметтің индикаторлары:

Жоба немесе бағдарлама әрекетінің және сол әрекеттердің қалай жүзеге асырылатын прогресін өлшейді. Мысалы: _____ тренингтер өткізілді, _____ консультациялар берілді, _____ адам қатысты.

Ресурстар индикаторлары:

Жоба немесе бағдарлама қызметін жүзеге асыру үшін адами, қаржы және материалдық, технологиялық және ақпараттық ресурстардың уақтылы берілуін, сапасын және санын өлшейді.

Слайд 22. Индикатордың мазмұны

- **Индикатордың бастапқы мазмұны** – жоба басталғанға дейін жағдайды сипаттайды
- **Индикатордың жоспарлы мазмұны** – біз жеткіміз келетін индикатордың мазмұны
- **Индикатордың нақты мазмұны** – жоба барысында жеткен деңгей
- **Ауытқу** – бұл жоспарлы және нақты мазмұн арасындағы айырмашылық (Ауытқу кезінде есепте түсініктеме беру қажет).

Слайд 23. Деректерді жинау әдісі ақпарат түрлеріне байланысты:

- Маған қандай ақпаратты алу қажет?
- Мен қандай ақпарат алғым келеді?
- Ақпарат жинау үшін қанша уақыт және ресурстар қажет?
- Бұл ақпаратты кім біледі?

Слайд 24. Деректерді жинаудың негізгі әдістері

- Сауалнама
- Интервью
- Бақылау

	<ul style="list-style-type: none"> • Құжаттарды зерттеу
15 мин.	<p>Сұрақтар – жауаптар Пост-Тест. Тренингті аяқтау <i>Қатысушылар тренер ұсынған пост-сауалнаманы толтырады.</i> <i>Тренер тренингті қорытындылайды.</i></p>

Тренингті дайындауда келесі материалдар пайдаланылды:

- Institutional Capacity Building Team SHIELD Project International Rescue Committee. Monitoring and Evaluation Training Manual for CBOs and NGOs. Thailand
- Гусева Е.Г. Жобаларды мониторинг және бағалау. Коммерциялық емес ұйымдарды дамыту орталығы, Архангельск, 2014
- Калачёва А.В., Власкина Т.В., Загайнова А.И. Мониторинг және бағалау бойынша нұсқаулық. Ресейлік Қызыл Крест бүкілресейлік қоғамдық ұйымы. Денсаулық сақтау бойынша ресурс орталығы, 2013
- Қазақстандық жыныстық және репродуктивті денсаулық қауымдастығы. Қызметті мониторинг және бағалау бойынша нұсқаулық. Алматы, 2009
- Мүгедектердің ұйымдарын бағалау жөніндегі әдістемелік құрал. Сілтеме: http://aupam.narod.ru/pages/sozial_posobie_po_ocenke_dlya_organizacij_invalidov/oglavlenie.html.
- Әлеуметтік-экономикалық зерттеу орталығы. ҮЕҰ-дың әлеуметтік жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру тиімділігіне қалай мониторинг және бағалау жүргізуге болады. «Ашық бюджет» жобасы.